**Денисов ауданы бойынша 2013 жылға субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдерін және субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдерін белгілеу туралы**

***Күшін жойған***

Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 14 мамырдағы № 135 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 30 мамырда № 4142 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды (Қостанай облысы Денисов ауданы әкімінің 2014 жылғы 28 қаңтардағы № 07-7/92 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды ( Қостанай облысы Денисов ауданы әкімінің 28.01.2014 № 07-7/92 хаты).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 " Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы" қаулысымен бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 12-тармағы және " Қостанай ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2013 жылғы 2 сәуірдегі ұсынымы негізінде Денисов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2013 жылдың 5 маусымына дейін субсидия алушылардың тізіміне қосуға арналған өтінімдерді ұсыну мерзімдері белгіленсін.

2. Денисов ауданы бойынша 2013 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау Денисов ауданы әкімінің орынбасары Т.Б. Рамазановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі және 2013 жылғы сәуірден бастап туындаған қатынастарға таратылады.

*Денисов ауданы*
*әкімінің міндетін атқарушы Т. Рамазанов*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*"Денисов ауданы әкімдігінің*
*кәсіпкерлік және ауыл*

*шаруашылығы бөлімі" ММ басшысы*
*__________________ А. Бабенов*

Әкімдіктің
2013 жылғы 14 мамырдағы
№ 135 қаулысына қосымша

## Денисов ауданы бойынша 2013 жылға арналған субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдері

| № | Ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы | Себу мерзімдері |
|---|---|---|
| 1 | Жазғы бидай | 15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін |
| 2 | Күздік бидай | 25 тамыздан бастап 10 қыркүйекке дейін |
| 3 | Дәнді-бұршақ тұқымдас дақылдар | 15 мамырдан бастап 5 маусымға дейін |
| 4 | Майлы дақылдар | 15 мамырдан бастап 30 мамырға дейін |
| 5 | Жемшөптік дақылдар | 15 мамырдан бастап 10 маусымға дейін |
| 6 | Бірінші өсіру жылдарындағы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер | бірінші мерзім – 1 мамырдан бастап 31 мамырға дейін, екінші мерзім – 5 шілдеден бастап 10 қыркүйекке дейін |
| 7 | Сүрлемдік және жүгері күнбағыс | 15 мамырдан бастап 31 мамырға дейін |
| 8 | Көкөністер | 25 сәуірден бастап 10 маусымға дейін |
| 9 | Көкөністі тамшылатып суару | 25 сәуірден бастап 10 маусымға дейін |
| 10 | Бақша дақылдары | 25 сәуірден бастап 10 маусымға дейін |
| 11 | Картоп | 10 мамырдан бастап 5 маусымға дейін |
| 12 | Картопты тамшылатып суару | 10 мамырдан бастап 5 маусымға дейін |
| 13 | Шабындық жерлерді, шалғындандыру үшін егілген көпжылдық шөптер | бірінші мерзім – 1 мамырдан бастап 31 мамырға дейін, екінші мерзім – 5 шілдеден бастап 10 қыркүйекке дейін |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК